



20-21 қыркүйек күндері Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-нің Мәдениет орталығында ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының бастамасымен «Түркістан –Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында «Алтын сақа» халықаралық анимациялық фильмдер фестивалі өтті.

## ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АНИМАТОРЛАРЫ ТҮРКІСТАНДА

Фестивальдің құрылтайшысы – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі. Фестиваль ұйымдастырушылары — ОҚО өкімдігі мен мәдениет басқармасы.

Фестиваль мақсаты — түркітілдес мемлекеттер арасындағы мәдениет пен өнердің ынтымақтастығын нығайту, ұлттық салт-дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, түркі мемлекеттерінің анимация саласындағы шығармашылығын кеңінен насихаттау, өлемдік кеңістікке шығу және халықаралық қарым-қатынасты арттыру.

ОҚО өкімі Ж.Түймебаевтың жолдаған құттықтау сөзін ОҚО Мәдениет басқармасы, «Мәдениет және өнер» бөлімінің басшысы Ф.Шарафиева жеткізді.

Фестивальге Түркі әлемі мемлекеттерімен қатар (Түркия, Әзірбайжан, Якутия, Алтай, Башқұртстан) Қазақстанның барлық облыстарынан кәсіби және әуесқой аниматорлар қатысты. Фестивальге қатысқан анимациялық фильмдер «Қазақстан» Ұлттық телеарнасы арқылы жыл бойы насихатталатын болады.

Анимациялық фильмдерді сараптауға «ТРТ Балалар арнасының» директоры (Түркия) И. Бекир, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Кинематография бөлімінің бас сарапшысы Г.Мырзашева, Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ, «Анимациялық кино» шығармашылық-өндірістік бірлестігінің редакторы, сценарист С.Дүнгенбаева, Қырғызстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, режиссер Т.Ибрагимов, «САҚ» киностудиясының директоры Н.Паттеев төрелік етті.

Сараптау нәтижесінде бас жүлдені А.Әбілдановтың «Оттан жаралғандар» анимациялық фильмі (Қазақстан), I орынды Д.Власовтың «Гончар» мультфильмі (Өзбекстан), II орынды А. Османоглуның (Түркия) «Теңіз қарақшылары» мультфильмі мен У.Асанбаев пен А.Асанбаевтың (Қырғызстан) «Первый камень», «Жизнь» мультфильмі иеленді.

(Басы. Соңы 2-бетте)

## ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАСТЫ НАЗАРДА

18 қыркүйек күні 27.02.2015 ж. университет Сенатының (№4 Хаттама) мәжілісінде бекітілген Ғылыми-зерттеу жобаларын гранттық қаржыландыру Ережесі талаптарына сәйкес, Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан қаржыландырылған бір жылдық ғылыми-зерттеу жобаларының қорытынды есебі Ғылыми-зерттеу жобаларын гранттық қаржыландыру конкурсының Сараптау комиссиясымен тыңдалды.

Есеп беру барысында ғалымдардың өлемдік рейтингтік ғылыми журналдарда жариялаған мақалалары мен импакт-факторлы

мақалалары таныстырылды. Ғылым және инновациялық істері жөніндегі вице-президент, профессор Т.Раимбердиев ҚР БЖФМ, ҒК-нің 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми жобаларды қаржыландыру конкурсына өтінімдерді ұсыну туралы тапсырма берді.

Сараптау комиссиясы мүшелері тарапынан ғалымдарымыздың ғылыми жоба шеңберінде жүргізген жұмыстары тиісті деңгейде бағаланды.

Ғылым және инновация департаменті

4-5 БЕТТЕРДЕ

## АДАЛ НИЕТ, АҚ ПЕЙІЛ

8-БЕТТЕ

## СПОРТ САҢЛАҚТАРЫ СЫНҒА ТҮСУДЕ

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи

№13 (440) 30 ҚЫРКҮЙЕК 2017 ЖЫЛ

УНИВЕРСИТЕТ  
СТУДЕНТТЕРІНІҢ  
ҮНІ

e-mail: a.yassau@mail.ru

# УНИВЕРСИТЕТІ

## ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ – УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ



29 қыркүйек күні ҚР Премьер министрі Бақытжан Сағынтаев іссапармен Түркістан қаласына келді. Сапар барысында Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетіне арнайы ат басын бұрды. Құрметті қонақты оқу орын басшылары У.Әбдібеков

пен М.Куталмыш күтіп алып университеттің кампусымен таныстырды. Премьер-министрмен бірге ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев, ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы, Облыс өкімі Жансейіт Түймебаев арнайы келген.

Қонақтар университет кампусының макетімен, «Ясауи» және «Түркі халықтарының мұражайымен» танысты. Сондай-ақ, Ғылыми кітапхана мен Қ.А.Ясауи клиникасын аралап, замануи үлгіде жабдықталған білім беру жүйесінің базаларына қанықты.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ЯСАУИТАНУ-2017» БАЙКАУЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

2017 жылды «Түркістан түркі әлемінің мәдени астанасы» деп жариялауына орай Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастыруымен Түркі әлемінің жалпы білім беретін оқу орындарының 6-11 сынып оқушылары арасында «Ясауитану»



Халықаралық байқауы өтті.

Жыл сайын ұйымдастырылатын байқауға Қазақстан, Түркия, Өзбекстан және Қырғызстан елдерінен үздік 42 оқушы қатысып білімдерін сарапқа салды.

Білім және өнер сайысының мақсаты – Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы мен ілімін, «Әзірет Сұлтан» кесенесіне жерленген дара тұлғалардың елі үшін атқарған еңбектерін, сондай-ақ, Түркістан қаласының тарихы мен Әмір Темір дәуірінен қалған құнды орта ғасырлық жәдігерлерді және музей ісін

насихаттау.

Осы орайда, Түркі әлемі жас дарындарының сайысына екі кезеңнен тұратын іріктеу сындарынан жеңіске жеткен оқушылар қатысты.

Сайысқа қатысушылардың білімін сарапқа салған қазылар алқасы білікті мамандар болды. Атап айтқанда, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Нұрболат Ахметжанов төрағалық етсе, Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының төраға орынбасары Фурат Фурташ,

(Басы. Соңы 2-бетте)

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

### ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – БІЗГЕ МІНДЕТ

22 қыркүйек — Қазақстан халықтарының тілдері күні ретінде тойланып келеді. Аталмыш мерекеге орай Ғылыми кітапхананың «Әдебиет бөлімінің» ұйымдастыруымен «Тіл халықтың қазынасы, ұлттың жаны» атты әдеби кеш өтті.

Әдістемелік бөлім басшысы Жазира Исаева, Ғылыми кітапхана директоры Меруерт Абсеметова, Ғылыми кітапхана координаторы Женгис Аслан, Тәрбие және мәдени істер департаментінің директоры Ләззат Есентаева жиында құттықтау сөз



сөйледі. Әдебиет пен өнерге жаны ғашық студент жастар ән мен жырдан шашу шашты. Тыңдаушының құлақ құрышын қандырар ана тілі, Отан жайлы жүрежарды өлеңдерін арнады.

ЯУ-ақпарат



### ТҮРКІ ЭЛЕМІНІҢ АНИМАТОРЛАРЫ ТҮРКІСТАНДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

III орынды К.Тимофеевтің (Саха) «Ала Могу» мультфильмі А.Мұратбековтың «Қазақстан бренді» мультфильмі, К.Қоңырқұлжаев, Р.Усманов, Ю.Тхайдың «Мақтаншақ қыз» анимациялық фильмі иеленді. Сондай-ақ, Нуриллах Иениханның (Түркия) «Қожанасыр» анимациялық фильміне «Үздік телевизиялық жоба», Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ режиссері С.Мырзашевтың «Байқоңыр» мультфильміне «Үздік сценарий», София Чмульдің (Шымкент) «Мамонтенок ищет маму» анимациялық фильміне «Ең жас аниматор» номинациясымен арнайы жүлделер берілді.

Қазақ анимациясының 50 жылдығына тұспа-тұс келген фестиваль өте қызықты өтті. Әсіресе, «мультфильмдер патшалығына» тап болған бүлдіршіндердің қуанышында шек болмады. Шетелдік, отандық анимациялық фильм кейіпкерлерінің (қожанасыр, теке, өрмекші адам, терминатор) көрінісін тамашалады. Керемет концерттік кеш арқылы кішкентай балаларға патриоттық рух беретін қойылымдар сахналанды. Отандық анимациялық фильмдердің шетелдікінен кем түспейтінін кішкентай көрерменге жеткізе білді.

Ақпарат орталығы

## Тіл мерекесі тойланды

Гуманитарлық ғылымдар факультетінің студенттері арасында «Тілдер мерекесіне» арналған «Латын тіліне өткен дұрыс па? Әлде, бұрыс па?» атты дебат өткізілді. «Оппозиция» және «Үкімет» болып екі топқа бөлініп сайысқа түскен студенттер тақырыпты қызу талқылады. «Оппозиция» тобының топ басшысы - Жұлдыз Бейбіт, спикер мүшесі - Алия Сейсекова. Ал «Үкімет» тобының топ басшысы - Айнұр Хабубуллаева мен спикер мүшесі - Аяжан Имаш.

Бүгінгі күні қазақ жастары үшін екі тілді меңгеру аздық етеді. Заманауи білім алу, шетелдерде білімін жетілдіру үшін ағылшын, түрік тілдерін оқыту университетімізде кеңінен тараған. Сонымен қатар студенттердің қазақ тіліне деген құрмет сезімін арттырып, тіл мәртебесін көтеруге, таза сөйлеуге

үйретіп, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін оятуға ат салысуымыз керек. Ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету, қазақ тілінің мәртебесін көтеруіміз керек. Осы орайда қазіргі таңда қоғамда қызу талқыда жүрген мәселе ол латын әліпбиіне өту. Студенттердің осы мәселе бойынша ойлары мен көз қарастарын білу және қолдау білдіру мақсатында студенттер арасында пікір талас ұйымдастырылды.

Пікір-талас барысында екі топтың бір-бірлеріне айтылған жауаптарын көрермендер тыңдай отыра өз ойларын білдірді. Дінтану мамандығының студенті Ибадулла Ысқақ: «Латын әліпбиіне өту дұрыс. Біз сол арқылы көптеген жетістіктерге жетіп, дамыған елдер қатарына кіруге мүмкіндік аламыз» деп өз пікірін білдірді. Сонымен қоса педагогика және психология мамандығының 1-курс студенті Арай-

лым Мырзалы да латын тіліне көшуді жөн деп тапты. Басқа студенттеріміз де өзіндік ойларын білдірді.

Ал екі топқа да әділ төрешілік еткен әлеуметтік ғылымдар мамандығының 2-курс студенті Ақмаржан Мүсілім болатын. Ол ойында сараптай келе «Оппозиция» және «Үкімет» топтарының достықтарына ерекше куә болып, ойында екі команда тең нәтиже көрсеткенін айтты. Гуманитарлық ғылымдар факультетінің 1-курс студенттері осындай қызықты да тартысты пікір таласты ұйымдастырған жоғары курс студенттеріне алғыстарын жаудырды.

Ербол Жандарбаев  
Гуманитарлық ғылымдар  
факультетінің декан орынбасары

### ОҢТҮСТІК БЛОГЕРЛЕРІ БАС ҚОСТЫ

Оңтүстік Қазақстан облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен «Облыстық жас блогерлердің блокқұрылтайы» өтті. Құрылтайға оқу ордамыздан журналистика мамандығының студенттері Н.Сұлтанбек, С.Садырова, С.Бектембай, А.Тұрсынхан, Н.Нұрзілда қатысып қайтты.

Қатысушылар басқарма басшысы Б.Нарбековадан арнайы сертификат алды. Арнайы ұйымдастырылған блокқұрылтай Оңтүстік Қазақстан облысы «Бастау» демалыс аймағында өтті. Жоба аясында елімізге белгілі блогерлер мен журналисттер жастар үшін арнайы семинар-сабақтар беріп, ғаламторды қолданудың тиімді тұстарын үйретті.

Жастар блокқұрылтайда «Дәстүрлі блогинг: Не? Қалай? Қашан?», «Фактчекинг: Ақпарат тексерудің жеті сенімді жолы», «Ютубтан ақша табудың қыр-сыры» аясында блогерлерден дәріс алып, арнайы демалыс- сауықтыру уақытында: бассейнді, бильярд, футболмен айналысып, құрылтайдағы уақыттарын қызықты өткерді. Блогерлердің басын қосқан жиында жастардың көкейінде жүрген түрлі сұрақтар мен тақырыптарға жол ашылып, талқыға салынды. игі жобаға қатысқан жастар Облыстық жас блогерлердің блокқұрылтайында марапатқа ие болды.

Жастардың жаңа технологияларды меңгеруіне ықпал етуді мақсат ететін блокқұрылтайлар жиі өткізіліп тұрса жақсы игі.

Нұрлан Сұлтанбек,  
4-курс студенті

\*\*\*

Жалпы құрылтай әлеуметтік желідегі жазбалар бойынша құқықтық сауаттылықты арттырып, ғаламторды қолданудың тиімді тұстарын үйретті. Әлеуметтік желіге видео-түсірілімді жүктеу сияқты ақпараттар айтылды. Спикерлер өз білгендерін ортаға салды. Табиғат аясында өткен демалыстан ойға түйгеніміз көп. Сондықтан, ұйымдастырушы Облыстық Жастар ресурстық орталығына алғысымызды білдіреміз. Алдағы уақытта жастарға осындай тәжірибе боларлық құрылтайлар жалғасын табады деген ойдамын.

Сәуле Бектембай,  
4-курс студенті

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ЯСАУИТАНУ-2017» БАЙҚАУЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің бас редакторы Әбдікерім Манапов, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры теолог, философия ғылымдарының докторы Досай Кенжетай, «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің бас қор сақтаушысы Нұржамал Әшірбекова төрелік етті.

Бірінші кезеңде хикметтерді еш мүдірмей жатқа айтудан сынға түскен үміткерлер дарындылықтың ерен үлгісін көрсетті. Екінші кезеңде Қазақ хандығының тарихына, Қожа Ахмет Ясауи бабамызға, «Әзірет Сұлтан» музейіне қарасты тарихи ескерткіштер мен жәдігерлерге қатысты сұрақтарға жауап берді.

«Халықаралық байқауды ұйымдастыру себебіміз Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың мұрасы мен ілімін насихаттау, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» және «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» атты жобаларын жүзеге асыру болып табылады» - деді қорық-музей директоры Нұрболат Ахметжанов.

Аса тартысты өткен «Ясауитану» байқауының екі кезең қорытындысы бойынша Оңтүстік Қазақстан облысынан келген Ажар Қараман бас жүлдені (150 мың теңге), ал Ақмола облысынан келген Жанат Оқа бірінші орын-

ды (100 мың теңге) иеленді. Екінші орынға 75 мың теңгеден екі орын белгіленген болатын. Қызылордалық хикметші Нұрсұлтан Ақыпбаев және ОҚО келген Роза Сейткулова II – орынды әрқайсысы (75 мың теңге) марапатқа ие болды. Келесі жүлделі үшінші орын иелеріне келетін болсақ, Түркістандық хикметшілер Хакимова Роза, Дияра Мажитова және Ақмола облысынан келген Ділнәр Дәулетхан III – орынды әрқайсысы (50 мың теңгеге) ие болды. Жұлде қорынан он оқушыға ынталандыру сыйлығы ретінде 20 мың теңгеден жүлде берілді.

Байқауымызға қатысқан Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан елдерінен келген оқушыларға және

Қазақстанның түкпір түкпірінен келген сайыскерлер мен шәкірт тәрбиелеген ұстаздарға қорық-музей әкімшілігі тарапынан алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Қазақ халқының рухани тұтастығын қалыптастырған, Түркі халықтарының рухани ұстазы Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың хикметтері мен ілімін насихаттап, өскелең ұрпақты ұлы баба мұрасын терең меңгеріп, зерттеуге ынталандырып, жас өркеннің интеллектуалдық пайым-парасатын арттыратын бұл байқау әлі де өзінің жалғасын табады.

Д.ҚОЖАМҰРАТОВ  
«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің баспасөз хатшысы

## СҰХБАТ

- Досай Тұрсынбайұлы, қазіргі таңдағы еліміздегі дін саласының дамуы, бағыты турасында не айта-сыз?

- Тәуелсіздік алғалы дінге деген бетбұрыс, дінге деген саясат бір жолға түсті, қалыптасты деп айта аламыз. 25 жыл бұрынғы діни ахуалды салыстырсақ, қазір әлдеқайда ілгерілеп кеттік. Оған әлемдік дінге деген қатынастардың ықпалы болды десе болар. Дін адамзат тарихындағы ең үлкен құндылықтардың орталығы. Бұл құндылықтарды ішкі, сыртқы кейбір күштер құнсыздандырығысы келеді. Адамның санасына әсер ету арқылы тұрақтылықты да тұрақсыздықты да орнатуға болады. Демек діннің саяси жағы да бар деген сөз. Бұған сақ болып, көзімізді ашып қарауымыз керек. Біздің қоғамда қазір жастар арасында бірнеше

алмадық. Оның нормаларды қалай қалыптастыру керек деген методологиясын әлі меңгере қоймадық. Заңымызға да имам ағзам Абу Ханифаның жолын құрметтейтінімізді жазғанымен құрметтеу деген не, оны қалай зерттеу керек, діни нормалар қалай қойылуы керек, құқықта қалай әсер ету керектігін әлі жетік меңгерген жоқпыз.

- Тура солай «зайырлық» деген құқықтық ұстанымды да толық түсіне алмай жатырмыз. Мемлекеттік институттар да, қоғамдық институттарда да бұл ұстанымның маңызын, мәнін, ерекшелігін, қолдану тетіктерін білуге концептуалды тұрғыдан анықтамалар жасауға қадам жасалмады.

- Бізде тарихилық деген бар. Дін деген құбылыс адамзатты тарихи санамен тұтастандыратын, тарихи болмыс екенін еске салатын бірден-бір инсти-

«Ясауи біздің Конфуций» – деп бағалаған. Ясауи зерттеулерін бірізділікке салып, жүйелендіру мәселесін біз концептуалды түрде дайындап қойдық. Өзбекстан Ғылым Академиясының Беруни атындағы шығыстану институтынан Ясауи хикметтерінің 250-ге жуық нұсқасын алып, сол нұсқалардың каталогын жасап шығарған болатынбыз. Бұл «Диуани хикметке» арналған зерттеудің бірінші сатысы ғана, ол әлі аяқталған жоқ. Екінші, «Ясауидің мәдениеті» деген сала бар. Онда мәдениетке қатысты жалпы исламдағы сопылықтың



## «БІЗ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ ӨЗІМІЗ ТАНЫП, ӨЗІМІЗ ТАНЫТУЫМЫЗ КЕРЕК»

ағым түрлері белгілі, сәләфилік, уаһхабилік, сопылық тенденциялар. Қазақстан Мұсылмандар Дін Басқармасының ресми бекіткеніндей олардың жіктері айқындала бастады. Ислам бірлікке, тұтастыққа шақыратын дін болып саналса да дәстүрлік ислам қоғамына жік салатын негізгі күшті сәләфилік тенденция арқылы анықтайды. Қазақстандағы оның ошақтары, лидерлері, жамағаттары белгілі. Мен зерттеуші ретінде Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Орал, Ақтөбе аймақтарды сәләфистер бекер таңдамағандығын байқадым. Бұл аймақтар дәстүрлі мұсылмандық діннен ажырап қалған, әлеуметтік, экономикалық жағдайы төмен, жұмыссыздық белең алған жерлер. Қазақстан зайырлық құқықтық, демократиялық мемлекет болғандықтан заңдық негізде, құқықтық шеңберде осы мәселелерді реттеудің механизмі жетілдіріп жатыр. 2017 жылдың желтоқсан айына дейін мемлекет пен дін қатынасындағы 39 баба өзгерістер енгізіледі, қазіргі таңда қоғамдық талқылаудан өту үстінде. Мемлекеттің дінге деген жауапкершілігі артып келеді.

**- Өрел өзінің әдеп-ғұрпына сәйкес ислам дінін қабылдағандығын ескерсек, шет елдік білім қазақтың дәстүріне сай бола алады ма? Шетелде жастарымызды дінтану мамандықтарына оқытуға деген көзқарасыңыз қандай, жалпы дін саласындағы мәселелерге тоқтала кетсеңіз?**

- Елімізде 6 жоғары оқу орнында дінтану мамандығын дайындайды. Өзімізде теология мамандарын дайындаймыз. Діни білім берудің жүйесі қалыптасып келе жатыр. Көбіне радикалдық, дәстүрге сай емес анықтамаларды беретіндер Сауд Арабия, Мысырдан, Пакистаннан оқып келетіндер. «Дін» деп білім алған елдің дәстүрін, салтын, мәдениетін алып келеді. Жоғары оқу орындарында діни білім берумен қатар, «худжра» білім беру деген бар. Сыртта жүрген жастарымыз худжраның қамқорлығына түседі де, солардың мақсатына сай адам болып қалыптасып шығады. Қара киім киіп, бүркеніп жүру, сақал өсіріп жүргендер соның нәтижесі. Діни білім мен дәстүрді ажырата алмаған жастарымыз осылай шатасуда. Киімге байланысты исламдағы үкімдердің барлығы араб мәдениетіне байланысты. Біз имам ағзам Абу Ханифа жолындағы мұсылмандармыз дейміз. Оның құқық методологиясында сол кеңістікті түркі кеңістігіне сәйкес уахимен тіке байланыстырып тұжырымдайды. Нағыз құқық философиясының негізін қалаушы адам сол. Біз оны әлі түсіне

**ДОСАЙ КЕНЖЕТАЙ, теолог, философия ғылымдарының докторы, профессор, Ясауи ғылыми-зерттеу орталығының басшысы: «Түркістанның тағдыры Ясауимен тығыз байланысты. «Түркістан» атауы түркі елінің ұстазы деген мағынаны білдіреді. «Елдің атын ер шығарады» деген қазақта тамаша сөз бар. Сол елдің атын шығарған ерді тани алмай келеміз. Ясауиді дұрыс тануға, танытуға әрбір азамат атсалысуы керек»**

тут. Экстремистік немесе радикалдық ағымдар, оның ішіндегі сәләфилік, уаһхабилік тенденцияның әдісінде сенің өткен өміріңді, тарихыңды, діни тәжірибеңді, жолыңды жоққа шығаруда. Сенде өткен жоқ, бүгін ғана ислам дінін қабылдап жатқан ұлт ретінде көрсеткісі келеді. Ол сенің тарихыңды жоққа шығару тенденциясы. Бұл үлкен қауіп, кеңес дәуіріндегі ғылыми атеизмнен де асқынып кететін нәтижеге жеткізеді.

- Қазақстан топырағынан Фарабиге дейінгі дәуірлерде 370-тен астам ғұламалар шыққан. Ғұламалардың 500-ге жуық қолжазбалары сақталған. Бірде-бір қолжазбаны ғылыми айналымға енгізе алмадық. Себебі мамандар жетіспейді. Мемлекет тарапынан орталықтандырылған саясат керек. Мамандарды бағыттап, жұмылдыру керек. Осы жағы кешеуілдеп жатыр.

**- «Ясауи ғылыми-зерттеу орталығының» алдағы жоспарларымен таныстыра кетсеңіз?**

- Университет ашылғалы жан-жақты зерттеу жұмыстары қолға алынып, 2003-ші жылы «Ясауитану ғылыми-зерттеу орталығы» құрылып, 6 бағыт бойынша жұмыс істегенбіз. Ясауитану мәселелеріне қатысты бірнеше кітаптар шығарылды. Тарихилықтың ортасында ең үлкен діңгек Қожа Ахмет Ясауи тұр. Сондықтан оны мәдениет, құбылыс, құндылық ретінде зерттеу дәстүрге сай сабақтасып, үздіксіз қолға алынуы керек еді. Бірақ біраз уақыт үзіліп, тоқтап қалды. Быыл 2017-ші жылдан бастап «Ясауи ғылыми-зерттеу орталығы» құрылып, зерттеуді қайта қолға алып жатырмыз. Мұндағы мақсатымыз не? Ясауи жандану керек, халық білуі керек. Ғылыми тұрғыдан зерттеуді қолға алуымыз керек. Ясауидің ілімін, мәдениетін аңыздармен көмкеріп, құнды мұраларын ғылыми танымдардың мектептік үлгілерін салып, халыққа түсіндіруіміз керек. Бұл бізге не береді? Бұл мемлекетіміздің тарихилығына, тұрақтылығына, тікелей әсер ететін зерттеулер болып табылады. Макан, Заман, Ихуан, Раб-и Сұлтан деген 4 шарты бар, осылар қазақ мемлекеттілігінің философиясын құрайды. Елбасымыз Н.Назарбаев:

құбылысы бізге қалай келген, қандай жолдармен келген, оның өкілдері кім, қазіргі ишандық мектептер, одан кейінгі Абайдың, Шәкәрімнің тарихаттарының рөлі деген сияқты мәселелерге зерттеулер жүргізіледі. Бұл тұрғыдан біраз шетелдік ғалымдар зерттеулер жүргізген. Мақсатымыз құндылықтарымызды басқа мектептің ғалымдары емес, өзіміздің ғалымдар таныту керек. Ясауиді өзің игерсең басқаға айтар ойың болады, көрсетер жолың болады. Кезінде орыстан оқып үйрендік. Олар Ясауидің мәдениетін бізге Маркстік диалектикалық үлгілермен жұттырды. Америкалық исламтанушы Девин Дэвис Ясауиді басқаша ұғындырып, түсіндіргісі келеді. Ясауитанудағы кейбір даталарды өзгертіп, түркі халықтарының арасындағы байланысты жоққа шығарады. Мұның астарында саясат жатыр. Сондықтан өз дінімізді өзіміз талдап, тарихымызбен үйлестіріп зерттеуіміз керек. Әзірет Сұлтан кесенесінің түбінде орналасып, Қожа Ахмет Ясауидің есімімен аталып, түркі жастарының басын қосып білім беріп жатқан оқу ордамыз Ясауиді ғылыми тұрғыдан зерттеуді қолға алып, жаңаша танытуды жүзеге асыратын бірден-бір орталық болып табылуы керек.

- Әзірет Сұлтан музейімен келісім шартқа отырып, онда 1000-ға жуық қолжазбалар сақталған, соларды ғылымға енгізуді бастаймыз. Ресей, Башқұртстан, Ауғанстан, Иран, Түркіменстан, Татарстан, Өзбекстан мемлекеттерімен байланыс құрып, Ясауидің мұраларын жинап, орталақтандыру мәселесін жандандырсақ, зерттеу орталығының ашылуы сол аспекті мен қатынастың баяндылығын қамтамасыз ету болып табылады.

- Жақында «Ясауитанудың бүгінгі мәселелері» атты халықаралық семинар-конференция өткіземіз. Ясауитанумен кемінде 25 жыл айналысқан ғалымдарды ғана шақырсақ деп жоспарлап отырмыз.

**- Ясауи мұраларын зерттеп жүрген ғалым ретінде, Ясауи мәдениетін дамыту үшін не істеу керек деп ойлайсыз?**

- Ясауиді саясаттан ажыратып

алып, сананы, көзқарасты өзгерту керек. Көп адамдардың көзқарасы өзгерген, сопылық танымды жоққа шығарып, Аллаға серік қосу ретінде көргілері келеді. Жалпы, Ясауидің тақырыбына кеңес дәуірінде селқос қаралған еді, қазір де солай. Егер сәләфилік тенденция басып кететін болса мұндай зерттеулердің бәріне тыйым салынады.

- Ясауидің кесенесі Ясауитанудың жандандырудың бірден-бір орталығы болуы керек. Бұл ілім жанды ілім. Ал оны музейге айналдырып тастады. Музей деген өлген нәрсені сақтау орны. Кесене тірі, шәкірт пен ұстаз байланысы, тарихпен, дәстүрмен байланысы, ритуалдық жиынтық секілді өз функциясын атқаруда. Біз соған кедергі жасап отырмыз. Моншасын музей ретінде қалыптастырса да, дәл сондай етіп монша салып танытуға болады. Ясауи мәдениеті дегенде музыкалық аспабтары, билері, саздары, әдебиеті, зікір түрлерін айтсақ болады. Түркістанды туризм орталығына айналдырудың бір-ақ кілті бар. Ол Ясауи мәдениетін жандандыру. Осы мәдениетті дамытсақ түркі әлеміндегі осы ілімнің өкілдері, жанашырлары, қызығушылары жинала бастайды. Ғылыммен, мәдениетпен, әдебиет, сахнамен көрсете бастағанда бәрі келе бастайды. Адамның санасында жаңғыру жүреді.

-Түркияда Конья деген қала бар. Ол жерде Мәулана жерленген. Мәулананың бір-ақ ауыз сөзі бар «Менің өлген күнімді той күні деп жарияландар. «Шабғи аруз» себебі мен Аллаға қауышып жатырмын, бақытыма қауышып жатырмын» деп айтқан. Сол күнді «сәмә (дөңгеленіп би билеу)» жарияланған, ол бір аптаға созылады. Соны көру үшін әлемнің түкпір-түкпірінен миллиондаған туристер келеді. Мәулананың «Мәснави», «Фихи ма фихи» еңбектері көптеген шетел тілдеріне аударылған. Ол тарихақтың негізін салушының бірі ретінде өте жоғары дәріптеледі. Біз де Ясауиді солай дәріптеуіміз керек. Түркістанның тағдыры Ясауимен байланысты. Түркістан деген атау түркі елінің ұстазы деген мағынаны білдіреді. «Елдің атын ер шығарады» деген қазақта сөз бар. Сол елдің атын шығарған ерді тани алмай келеміз. Ясауиді дұрыс тануға, танытуға әрбір азамат атсалысуы керек.

**- Газет оқырмандарына тілегіңіз?**

- Шәкірттер бізге қарап бой түзесе, ұстаздар шәкіртің жетісітігімен мақтанамыз. Түркістанның киелі топырағында білім алған жастарымызда руханият бар. Біз жастарға сенеміз! **-Әңгімеңізге рахмет!**

Эльмира АРТЫҚБАЕВА

## ДОСТЫҚ ДӘНЕКЕРІ

\* Қазақстан-Түркия: Бауырластық бастаулары

## АДАЛ НИЕТ, АҚ ПЕЙІЛ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 1991 жылғы Жарлығымен Түркістан Мемлекеттік университеті шаңырақ көтерді. Ал, 1991 жылы 1 мамырда ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Түркия Республикасының Премьер министрі С.Демирелдің кездесуінде Түркістан университетіне Халықаралық университет мәртебесі берілген болатын. Осылайша, білім ордасы түркі тілдес мемлекеттер арасында ең алғаш халықаралық мәртебеге ие болған бірден-бір оқу орны атанды.

Қазіргі таңда оқу орнында Қазақстан мен Түркиядан және әлемнің 14 елі мен 33 қауымдастығынан 8600-ден астам студенттер білім алуда. Университет жастары тарихи тереңде жатқан Түркістан қаласының гүлденіп қарқынды дамуына әсем қалаға айналуына ерекше көрік беріп, Түркі дүниесі жастарының сүйікті білім ордасына айналып отыр. Ел тәуелсіздігінің алғашқы жемістерінің бірі Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті бүгінде өзінің 26 жылдығын кеңінен атап өтті.

Республикалық «Ардагерлерді ардақтайық» акциясының аясында университет басшылығы мен Өкілетті кеңестің ұйғарымымен Университетіміздің алғашқы жылдарынан оның қалыптасуына, дамуына аянбай еңбек етіп, жастарға сапалы білім берумен қатар ұлтаралық достық қарым-қатынасты, татулық пен ынтымақтастықты арттыруға өз үлестерін қосып келе жатқан ардагер ұстаздарға, ғылым докторлары мен профессорларға ерекше құрмет көрсетілді. Медицина факультетінен Қайырла Бралов, өнер факультетінен Әбдіхалық Әбділдаев және әлеуметтік ғылымдар факультетінен Балғабай Нақыповтар Түркия Республикасына шақырылды. Әрине, ардагер ұстаздар бауырлас Түркі мемлекетіне саяхатқа барып қайту қуанышына бөленіп, жолға шығуға қажетті құжаттардың дайындығына кірісіп кеттік. Түркияға ұшар күні бегілген соң Шымкент өуежайынан Шымкент – Стамбул – Анкара бағыты бойынша ұшаққа отырдық. Бес жарым сағатта Ататүрік өуежайына қонып, ары қарай жергілікті бағыттағы ұшақпен 1 сағатта Анкара өуежайына қондық. Түркі халқы бізбен тарихы тамырлас, түбі бір туыстас ел болғандықтан ба, бізді жылы ниетпен қарсы алды. Қол жүктерімізді алған соң, өуежайдан шыға берісте университет Өкілеттісінен әріптестеріміз құшақ жая қарсы алды. Осылайша зәулім ғимараттар мен ерекше сәулетті қала құшағына еніп кеттік. Түрік ағайындар қонақжайлық танытып, түскі асқа шақырды.

Әрине тағамдары дәмді дайындалыпты. Көкөніске аса көңіл бөледі екен. Біріншіге берген тамағы «Меджимек» деп аталады екен. Қонақтың бірі ардагер ұстазымыз Қайырла ақсақалымыз «бұл тамақты анамыз бала кезімізде суға ұн себелей ұзақ қайнатып сорпа беруші еді. Соған ұқсастығы бар көрінеді» – деп балалық шағын еске түсіріп жатты.

Өкілетті кеңес төрағасы доктор, профессор Мұса Иылдыз мырзаның қабылдауында болдық. «Түркияда ардагер ұстаздар өте қадірлі азамат болып есептеледі. Олардың еңбегін

бағалау, құрмет көрсету біздерге парыз. Сондықтан Түркия еліне жасаған сапарларыңыз сәтті болсын» – деді. Түркияның тарихи қалаларын, мәдени мұражайларын көріп, жақсы демалып оралуымызға тілектестігін білдірді. Біз де жылы лебізіне ризашылығымызды білдіре отырып, Ясауидың 850 жылдығына орай шынар ағашынан өрнектеліп жасалған Ясауи кесенесінің макеті мен қазақ домбырасын сыйға тарттық. Төраға бізге де құрмет көрсетіп 3 тілде жазылған Ахмет Ясауи еңбектерінің әдемі өрнектеліп түптелген жинағын сыйға тартты.

Осы сапар аясында ардагерлер Түркиядағы белді жоғары оқу орындарымен, тарихи қалалары мен мәдени-мұражайларымен таныстыруды, Түркиядағы білім алып жатқан қазақ жастарымен, Анкара қаласындағы белгілі университеттерде докторантурада оқып жатқан университетіміздің үздік түлектерімен де кездесу жоспарланыпты.

Кешкі ас барысында университетіміздің үздік түлектері, ғылымның әр саласында ізденіс жасап жүрген бір топ докторанттары Бағлан Ермақанов, Қанат Ыдырыс, Жантөре Жетібаев, Ержан Керімбеков, Фахриддин Саржанов, Сәбит Баймағанбетов, Алпамыс Рахымжановтармен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында олардың Түркия тарихымен тереңірек танысып, халықаралық жағдайлардан да хабардар екендігін танытып, оны саралай білуге ұмтылысы байқалып тұрды. Сонымен қатар, болашақ жайлы да ой бөлісіп, ұстаздарына деген ризашылығын білдіріп құрмет көрсетті. Кешегі студенттеріміз ізденімпаздықтың арқасында есейіп, өмірге, білім мен ғылымға құштарлығы артып, білімдерін тереңірек жетілдіріп жатқанын байқадық. Ойлары ашық, нақты тұжырымдауға талпыныс білдіріп, құзіреттілігін арттырып жатқанына сүйсініп отырдық. Олардың 4-5 жыл Түркияда жүрген уақыттарының босқа кетпегенін аңғардық. Келешек Қазақстан – Түркия ынтымақтастығының артуына алған білімдерін, тәжірибелерін қазақ елінің дамуына өз үлестерін қосып, ұстаздықты жалғастыруға бел байлапты.

Таңертеңгі ас мәзірінде түріктің ұлттық тағамдары басым болды. Түрлі көкөністен дайындалған тағамдар, сүт өнімдері мен салаттардың түрлері төбетінді ашады. Тәттілердің де түр-түрін жайнатып қойыпты.

Таңғы астан соң, Анкара қаласының тарихи-мәдени орталықтарымен танысуға жол тарттық. Анкара қаласының тарихы Түрік елінің тарихымен тікелей байланысты, қола дәуірінен бастау алады. Анкара тарихында Римдіктер де, Византиялықтар да, Сельджуктер де, Осман империясы да билік жасаған. Ұлы әскери қолбасшы Мұстафа Кемаль Ататүрік түрік халқына ұлт-азаттық соғыста әскери іс-қимылдарды Анкарадан жүргізіп отырған. Тарихы тереңде жатқан Түркия елі мен Анкара қаласы жайлы қысқаша мәліметтермен таныстық. Түркия өлемде жер көлемі жағынан 37-ші орында. Халық саны – 73 млн. Оны Қара, Жерорта, Эгей мен Мәрмәр



теңіздері қоршап тұр. Шығысында Грузия, Әзірбайжан, Иран мен Армения, батысында Болгария мен Грекия, оңтүстігінде Ирак пен Сирия мемлекеттерімен, Солтүстігінде Қара теңіз арқылы Румыния, Украина, Ресей Федерациясымен шектеседі екен. Анкара қаласы 1923 жылы Түрік Республикасының астанасы атанған.

Алғашқы сапарымыз Анкара қаласының көрнекті жерлерінің бірі, жер бетінен 110 метр биіктікте орналасқан Анкара қорғанынан басталды. Қорғанның тарихы б.з.д. II-ғасырдан басталып, Рим, Византия, Сельджук және Османлы империяларының құрамында болғаны. Қамалдың басты мақсаты Анкара қаласын қорғау үшін жасалғаны жайлы айтылды. Қамалдың төменгі жағында өз заманының ислам ғұламасы Хажы Байрам Вели құрметіне салынған мешітінде болдық. Мешіттің іргетасы 1427 жылдары қаланған көрінеді. Тарихи мешіт болған соң келіп, тамашалап жатқан туристерде, ғибадат жасаушы жергілікті тұрғындарда көп екен. Айналасы жинақы, бір сәт тыныштықта отырып, демалуға барлық жағдай қарастырылған, таза фонтандар су себелеп, көңілге ерекше дәм сыйлайды.

Келесі бағытымыз Анкара қаласында 2010 жылы Түрік елінің Президенті Абдулла Гүлдің шешімі бойынша Түркі елдерінің қарым-қатынасындағы ерен еңбегі үшін Қазақстан президенті Н.Ә.Назарбаевқа орнатылған ескерткіш басында болдық. Ескерткіш жақсы күтімге алынғаны көрініп тұр. Түркі халқының ата жұртына, Қазақстан Президентіне деген құрметіне разы болдық. Ескерткіш «Гентлик паркінің» жанында орналасқан екен. Естелікке суретке түстік. Ескерткішті тамашалаған

соң, Түрік Республикасын орнатушы, халқының азаттығы үшін күрескен Түрік елінің ұлы көсемі Ататүрік мавзолейіне қарай бет алдық. Мұстафа Кемаль Ататүрік мавзолейі шынында да өзінің сәулеттілігімен таң қалдыратын, қайта түлеген жаңа өмірдің символы ретінде керемет, алып мемориал екеніне көз жеткіздік. Көптеген көрме залдары бар екен. Онда Мұстафа Кемаль Ататүріктің өмір жолдарын суреттейтін экспонаттар, деректі кинофильмдер, қару-жарақтар мен техникалар, өзінің жеке бұйымдары мен көліктері де көрмеге қойылыпты. Сонымен қатар, түрлі әскерлерден жасақталған құрметті қарауылдардың ауысым кезеңін тамашаладық. Сапта жүрулері, аяқ-қол сермеулері, қару асынғандары, дауыстап әскери белгі берулері ерекше екен. Көптеген туристер ұзақ қарап, суретке, бейнетаспаға түсіріп алып жатты. Түрік Республикасының Ұлы көсеміне деген құрмет, ықылас зор екен, халықтар өте көп келіп жатты. Біздер де басына жақындап, профессор Әбдіхалық мырза Түрік халқының Ұлы көсемі Ататүрік бабаның қабіріне барып құран оқу маған бұйырып тұр екен деп, ерекше көңілмен құран бағыштап мінәжат жасады. Ортақ тілегімізді жеткіздік. Әрине, бұл мінәжат 1920-1923 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісін басқарып, Түрік елінің тәуелсіздік туын көтерген, елдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени саласында реформалар жүргізіп, ержүрек батырлығы мен азаттық сыйлаған ұлы көсемі атанған Мұстафа Кемаль Ататүрікке деген халықтың лайықты сыйына, құрметіне және сүйіспеншілігіне қуандық.

Келесі күні таңғы астан соң жол сапарымыз Анкара қаласының солтүстік батысында орналасқан Бейпазары қаласына шықтық. Ауыл

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

шаруашылығы дамыған, қысы-жазы Анкара қаласын көкөніспен қамтамасыз етеді екен. Қала кішілеу тау бөктерінде орналасқан. Үйлері таспен қаланып салынған. Көшелері тар, ертеректе салынған үйлерді мұражайға айналдырған екен. Зергерлік бұйымдар жасаған шеберхананы көрдік, сауда орталығын араладық. Күмістен жасалған бұйымдар өте көп екен. Әсіресе қыздарға арналған түрлі өшекейлер, өрнектеліп жасалған алқа, білезік, сырғалардың көптігі көз жанарыңды алады. Сатушылары өте мәдениетті, жылы ілтипатпен сәлемдесіп, қазақ бауырларымыз екенсіңдер деп шәйін, суын ұсынды. Өтініш жасамасақта көрші дүкенге барып балмұздақ өкеліп жеңіздер, салқындап демалып отырыңыздар деп қонақжайлық танытты. Көз тіккен тауарыңды байқаса мақтай жөнеледі. Қызығушылық білдірмесен басқасын ұсынады. Тауарлардың бағасын бір сұрағанда айта салмайды екен, түр-түрін көрсетіп ұнағанын байқағанда ғана баға шығаратынын байқадық. Жалпы бағасын нақты жазып қойғанын сирек кездестірдік. Ел астанасы Анкара үшін ауылшаруалық өнімдерімен қамтамасыз ететін ең маңызды аймақтың бірі болғандықтан, қаланың орталығында қызыл түсті сәбіздің мүсінін ескерткіш етіп қойған. Ең дәмді сәбіз осы аймақта өндіріледі екен. Балғын сәбізден көз алдында шырын дайындап береді деген соң, көше бойындағы дүкендердің біріне кіріп сәбіз шырынының дәмін таттық. Керемет дәмді шырын екен. Даяшыда қас қабағына қарап, қалауыңды тауып әкелуге дайын, күлімсіреп қарсы алып, келіп тұрыңыздар деп жылы шығарып салады ғой. Осы көрген сауда мәдениеті біздің Түркістанға қайтып келсе ғой деп ой түйдік. Ұлы Жібек сауда жолының бойында орналасқан Түркістанда да кезінде сауда мәдениеті дамыған қала болған ғой.

Саяхатымыздың төртінші күні үлкендігі жағынан Түркияның Стамбул, Анкара және Измирден кейінгі төртінші қала болып есептелетін Бурсаға жол тарттық. Бурса қаласында 3 миллионнан аса халық тұрады. Бірнеше ғасырлық тарихы бар, XIV ғасырда Осман империясының астанасы болған көрінеді. Ауылшаруашылығымен қатар тоқыма өнеркәсібі де жақсы дамыған, Түркияның ең әдемі сүлгі орамалдары осы қалада өндіріледі екен. Қаланың ең биік мұнарасына көтеріліп, қала көрінісін, сәулетін дүрбі арқылы тамашаладық. Түристер өте көп екен. Бурса қаласының көрнекті орындары мен көшелерін аралатуға, мұражайлар мен ескерткіштерін тамашалатуға арнайы маршруттар жасап, жаяу аралату, қөліктермен алып жүруге гидтер жалауын көтеріп шақырып қызықтырады. Біздерді тар көшелермен, таспен қаланып салынған бірнеше ғасырлық тарихы бар үйлермен, мұражайлар мен ескерткіштермен таныстырды. Кешке қарай халықаралық қонақ үйіне орналастық. Бұл қонақ үйдің ерекшелігі астыңғы қабатында толығымен емдік қасиеті бар, ыстық минералды суымен бассейні мен түрік моншасы бар екен. 300 шақырымнан астам жол жүріп, аздап шаршағанымызды сездік. Осындай мүмкіншілікті пайдаланып демалып алдық. Жолда келе жатқанда көлік жүргізуші Серкан мырза осы минералды ыстық су жайлы, оның емдік қасиеті мен Бурсаның өзіндік тағам дайындау ерекшеліктері жайлы айтып келген. Кешкі аста туристерге жергілікті фирмалық тамақ деп

«Ескендір кебаб» ұсынылды. Жалпы ұнады. Сұрасаң да, сұрамасаң да міндетті түрде алдыға түрлі көкөніс пен жасыл жапырақты витаминді шөптерді, йогуртты алдыға қояды екен.


Таңертең қаланы аралап өтіп Стамбулға бет алдық. Серкан мырза жалпы Түркия тарихы, Стамбул жайлы біраз мәліметтер берді. Үш империяның Рим, Византия және Осман астанасы болған Ыстамбул қаласы дүниежүзілік маңызы бар, тарихи-мәдени ескерткіштері сақталған, теңдесі жоқ, өте ғажайып қала болып көрінді. Алғашқыда Константинополь деп аталып бір ғасырдан аса Византия империясының, 1453 жылы Түріктердің, яғни Осман империясының астанасы болыпты. 1923 жылы Түркінің ұлы көсемі Мұстафа Кемаль Ататүрік қолбасшылығымен ұлт-азаттық соғысының нәтижесінде тәуелсіздігін алып, Түркия Республикасы құрылып, астанасы Анкара қаласы болып бекітілген екен.

Бурса мен Стамбул аралығында 4 сағат жүріп отырып, Азия мен Еуропа құрлықтарын жалғастырып тұрған Босфор бұғазының үстінен салынған көпірге де келіп қалыппыз. Көпір 1973 жылы Түрік Республикасының 50 жылдық құрметіне ашылған екен. Ұзындығы 1,5 шақырымды құрайтын көпір ерекше сәулетімен, инженерлік тапқырлықтың тамаша көрінісі. Кейін кемеге отырып тамашалағанда тағы бір көз жеткіздік. Стамбул мәрмөр теңізі мен Босфор бұғазының жағалауында орналасқан, Азия мен Еуропаны байланыстыратын Түркия мемлекеттерінің ең дамыған қаласы. Стамбул мемлекетінің ең ірі сауда, қаржы, өнеркәсіп және мәдени орталығы. Қалада үш университет экономика және сауда академиясы сәулет өнерінің қайталанбас туындылары сарайлар мен мешіттер, мұражайлар бар екен. Әрине, мұның бәрін 2 күнде аралап шығу мүмкін емес. Ең ерекше ғимараттардың бірі 1609-1616 жылдар аралығында салынған. 6 мұнаралы Сұлтанхамет мешітін, Айя-Софья мұражайын, Осман империясының сұлтандарының 400 жылдан астам резиденциясы болып келген Топкайы сарайын да араладық. Қабырғалары таспен қаланған бірнеше сарайдан тұрады екен. Бүгінде олар мұражайға айналып, онда көптеген экспонаттарды туристердің назарына ұсынған. Келесі күні елге базарлық алуға дүкендер мен Баязит орталық базарын араладық. Іздегеннің бәрі бар. Бұл сапардан әсерлі оралдық.

Студенттермен кездесу барысында шетелге шығып, ел көріп, оның жетістіктерімен тарихы мен мәдениетімен танысуға жол сілтедік. Білімгерлерге Түркияның ең беделді жоғары оқу орындарына Мәулена тағы да басқа бағдарламалар арқылы білім алуға үлкен мүмкіншіліктерінің бар екенін айтып, жақсы оқуға, түрікжәне ағылшын тілдерін терең меңгеруге көңіл бөлулерін өтіндік. Олар өте қызығушылықпен тыңдады.

Түркияға саяхаттан түйген ойымыз Түрік елі ұлттық салт-дәстүрді сақтай отырып, экономикасы дамыған мемлекеттер қатарында көрінді. Түрік халқы әлемдегі ерекше бейбіт өмірді қалайтын, ынтымақтастық пен достықты ту еткен ел екен. Бауырластық бастаулары жалғаса берсін.

**Балғабай НАҚЫПОВ,**  
**Заң ғылымдарының**  
**докторы, профессор.**  
**Түркістан – Стамбул – Анкара –**  
**Бурса - Стамбул – Түркістан**

РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУМАҚСАТЫМЫЗ- АЙҚЫН,  
БОЛАШАҒЫМЫЗ ЖАРҚЫН

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарыққа шыққан сәттен бастап-ақ қызу талқыға түсті. Әр саланың мамандары мақаладағы айшықты ойларды алға тартуда. Соның нәтижесінде белгілі бір бағытты ұстанып, болашаққа бағдар құру керек деген тоқтамға келуде. Әлеуметтік желілерде жазылып жатқан алуан түрлі пікірлерді де жоққа шығаруға болмайды. Сондай-ақ жаңсақ түсінік иелерінің шимай-шатпағын да оқып жатасың. Негізінде Елбасының мақаласы талқылануға емес, орындалуға тиісті туынды. Мақаланың толық нұсқасын оқыған болатынымын. Еліміздің тұңғыш президенті ел игілігі үшін үнемі дұрыс шешім қабылдап келеді. Соның бірі де, бірегейі – осы мақаласы. Бұл халыққа жолданған жолдау іспетті. Әрі ғалымдар мен ойшылдардың бір сөзбен Елбасының айтқан идеяларын қолдауымен ерекшеленіп отыр. Қазақ халқы тәуелсіздік алғалы мемлекет үнемі даму үстінде. Ендігі жерде бізге қажеті заман ағымына сәйкес жаңғыру. Нақтырақ айтсақ саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алу. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Сонымен қатар рухани жаңғыруға аяқ бастық. Елбасы өз мақаласында: «Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік», – деп келтіреді. Сондай-ақ мақаланы оқысаңыз Елбасы ең алдымен ұлттық код пен ұлттық мәдениетті сақтау жөнінде жазған. Расында да мәдениет бар жерде әдебиет бар. Өрлеу, өркендеу де кездеседі. Біз тарихымызды тану арқылы, дұрыс түсінік қалыптастырамыз. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – рухани ұлттық кодты сақтаймыз. Ел арасында салт-дәстүрдің озығы бар тозығы бар сөзі жиі қолданылып жүр. Қай істе болмасын бүгінгі заман ағымына байланысты, халықтың талғам-танымына байланысты көп нәрсе өзгеруде. Осы тұста халық сұранысын қанағаттандыру барысында әдеп пен тәрбиелік мәнге аса назар аудару керек деп ойлаймын. Елбасы көтерген прагматизмді жолға қою бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Жалпы прагматизм деген не? Соған тоқталып өтсем. Өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу. Оны үнемдеп пайдалану. Бізге керек де нағыз осы. Халық осыған әдеттену керек. Бұған қатысты қазақ халқында «тарта жесең тай қалар, қоя жесең қой қалар, қоймай жесең нең қалар» де-

ген даналық сөз бар. Осы бір нақылда қанша мән жатқанын ұғынуға болады. Болашағыңды қолыңда бар кез-келген дүниемен байланысты жоспарлайсың. Ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол берген жағдайда прагматизм күйреді деген сөз. Осы қасиеттермен қоса адам бойындағы қабілетті іске қосу керек. Қабілет жөнінде бүгінде бәсекеге қабілеттілік, бәсекелестік жиі айтылады. Мұның сыры неде? Бәсекелік қабілет дегеніміз не? Ұтымды дүниенің аймақтық немесе жаһандық нарықтағы бағасы. Сапасы жөнінен өзгелерден озық, сұранысқа ие тауар немесе зат. Ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық жаңғыру, ұлттық сананың кемелденуі – Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы – мұның бәрі Елбасының мақаласында тарау ретінде қарастырылған. Барлық терминдерге жеке-жеке тоқталып, дәлел-дәйектермен егжей-тегжейлі түсіндірілген. Мұнымен қоса «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға алу, «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы жөнінде жақсы жазылған. Мысалы, «Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз. Ол үшін қазіргі аудармамен айналысатын құрылымдар негізінде мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру керек. Ол Үкіметтің тапсырысы бойынша 2017 жылдың жазынан тиісті жұмыстарға кірісе бергені жөн», – дейді Елбасы. Ары қарай біз бұл бағдарлама арқылы неге қол жеткізетініміз де жазылған. Тиісті мамандарға тек іске көшу ғана қалды. Шаруаны шаңын шығармай орындау, нәтиже көрсету жағы тағы бар. Енді «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы жайлы тоқталсам. «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау қажет. Ел-жұрт ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды білуі тиіс. Әрине тарихтан белгілі ұлы тұлғаларымызды қоспағанда насихатталуы кем түсіп жатқан зиялы қауымдар туралы айтып отырмын. Ел игілігі үшін елеулі үлес қосқан тағдыр иелерінің аты тасқа қашалып жазылмаса да тарихта қалуға тиісті. Жаңа есімдерді насихаттауда бізге бұқаралық ақпарат құралдары көмекке келеді. Бүгінгі таңда Дана Нұржігіттің Қазақстан телеарнасынан көрсетіліп жүрген «Дара жолын» мысалға келтіруге болады. Бұдан өзге де хабарлар бар. Бірақ бұлар өте аздық етеді. Әлі де кеңінен телевидениеге қоса газеттерде де журналистік зерттеулер жасалынып кеңінен насихатталуы керек деп ойлаймын.

**Ержан ӨМІРБАЕВ**  
**филология ғылымдарының**  
**кандидаты**

## ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

# Yesevi

## Üniversitesi

### ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Бетті жүргізуші журналист **Ғалымжан Тәжібаев**



**Nazarbayev: Latin alfabesine geçişi doğru bir şekilde anlamak gerekiyor**

Kazakistan Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev, Jambul eyaletine gerçekleştirdiği çalışma ziyareti sırasında yaptığı açıklamada Kiril alfabesinden Kazakistan'ın Latin alfabesine geçmeye hazırlanmasını değerlendirdi.

Nazarbayev, "Bizim gelişme sırrımızın, Kazak halkının istikrarı ve birliği olduğunu daima dile getiriyorum. Latin alfabesine geçişi doğru bir

şekilde anlamak gerekiyor. Dil, halkın birleşmesine hizmet etmelidir." dedi. Bilindiği üzere, Nazarbayev, Kazak dilinde Kiril alfabesinden Latin alfabesine geçme talimatı vermiş ve Kazakistan 2018'den itibaren okullarda ders kitaplarının ve 2025 yılına kadar da tüm kitapların, süreli yayın ve resmi belgelerin Latin alfabesinde basılmasını hedeflemekte.

### Kazakistan Halkları Dil Bayramı coşku ile kutlandı

20 Ocak 1998 yılında Kazakistan Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev'in girişimleriyle 130'dan fazla milletin yaşadığı Kazakistan'da "22 Eylül Kazakistan Halklarının Dil Bayramı" olarak kabul edildi. Dil bayramının 20.yıl dönümü münasebetiyle ve bu yıl Kazakistan'ın Kiril alfabesinden Latin alfabesine geçişini ilan etmesi sebebiyle, Ahmet Yesevi Üniversitesi Merkez Kütüphanesi Edebiyat Bölümü ile Kazak Dili ve Edebiyatı 1. sınıf öğrencileri tarafından kutlama töreni düzenlendi.

22 Eylül Cuma günü Türkistan Yerleşkesinin Merkez Kütüphane

toplantı ve konferans salonunda yapılan kutlama törenine; Kütüphane Müdürü Meruert Absimetova, Kütüphane Koordinatörü Cengiz Aslan, Disiplin ve Kültür İşleri Müdürü Lezzet Esentaeva, Metodoloji bölüm başkanı Jazira İsaeva katılarak konuşma yaptılar ve Kazakistan Halklarının Dil Bayramını kutladılar.

Konuşmaların ardından kutlama töreninde öğrenciler ve akademisyenler günün anlam ve önemini belirten konuşmalar yaptılar. Törende son olarak şiirler okundu ve halkoyunları gösterileri yapıldı.

### Türk Dünyası Animatörleri Türkistan'da Buluştu

TÜRKSOY 2017 Türkistan Türk Dünyası Kültür Başkenti etkinlikleri kapsamında; Türk Dünyası dostluk ve kardeşlik bağlarını güçlendirme, birlik ve beraberliğini artırma, kültürel etkileşimi sağlama amacıyla Güney Kazakistan Eyaleti ve TÜRKSOY işbirliğinde, Türk Dünyası "Altın Saka" Animasyon Film Festivali düzenlendi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezinde gerçekleşen festivale Türkiye, Kazakistan, Azerbaycan, Kırgızistan, Özbekistan, Başkurdistan, Yakut ve Altay Cumhuriyetlerinden 20'ye yakın animatör katıldı. Gerçekleşen "Altın Saka" Animasyon Film Festivali'nin jüri üyeleri TRT Çocuk kanal koordinatörü Bekir Yıldızcı (Türkiye), "Kazakfilm" Animasyon filmleri Redaktörü Saltanat Dungenbaeva (Kazakistan), Rejisör İbrahimov Kudaybergenoviç (Kırgızistan), Çimkent SAK Film Stüdyosu Müdürü Nuriddin Pattev (Kazakistan) yaptılar.

20 Eylül 2017 tarihinde Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezi küçük salonunda Türk Dünyası "Altın Saka" Animasyon Film Festivali basın toplantısı düzenlendi. Toplantıda "Altın Saka" Animasyon Film Festivalinin jüri üyeleri birer konuşma yaptılar. Festivalin Türkistan 2017 Türk Dünyası Kültür Başkentinde düzenlenmesinin öneminden ve TÜRKSOY'un verdiği destekten dolayı teşekkür ettiler ve yarışmacılara başarılar dilediler.

Basın toplantısından sonra Festivale

Türkiye, Kazakistan, Azerbaycan, Kırgızistan, Özbekistan, Başkurdistan, Yakut ve Altay animatörleri, jüri üyeleri, TÜRKSOY yetkilileri ve genç seyircilerin katılımıyla festivalin resmi açılışı gerçekleştirildi.

20-21 Eylül 2017 tarihlerinde animasyon film görselleri jüri üyeleri ve seyircilerin beğenisine sunuldu.

Kapanış töreninde jüri üyeleri tarafından festivalin sonunda değerlendirmeler yapıldı ve ödül töreni gerçekleştirildi.

Jürinin üyelerinin ortak kararıyla: Büyük ödül "Ateşten Yaratılanlar" animasyon filmi ile Abay Abilde'ye verildi (Kazakistan-Almatı).

Birincilik ödülü "Gonçar" animasyon filmi ile Dmitriy Vlasov "Özbekfilm" animasyon stüdyosuna verildi (Özbekistan).

İkincilik ödülü "Deniz Korsanları" animasyon filmi ile Arif Osmanoglu'na verildi (Türkiye).

Üçüncülük ödülü "övenen Kız" animasyon filmi ile Kvat Konirkuljaev'e verildi (Kazakistan).

En genç senarist ödülü "Annesini Arayan Mamut" Sofiya Çmuldin'e verildi (Kazakistan-Çimkent).

En iyi senaryo ödülü "Baykonur" animasyon filmi ile Kazakfilm AK rejisörü Selimğali Mirzaşev'e verildi (Kazakistan).

En iyi TV senaryosu ödülü "Nasrettin Hoca" animasyon filmi ile Nurullah Yenihan'a verildi (Türkiye).

### Kazakistan Başbakanı Ahmet Yesevi Üniversitesinde

Kazakistan'ın Başbakanı Bakıtcan Sağıntayev birtakım görüşmelerde ve temaslarda bulunmak için geldiği Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov ve Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış tarafından Kültür Merkezinde karşılandı. 29 Eylül Cuma günü gerçekleştirdiği ziyarete Kazakistan Millî Eğitim Bakanı Erlan Sagadiyev, Gençlik ve Spor Bakanı Arıstanbek Muhamedulı ve Güney Kazakistan Eyalet Valisi Canseyit Tüymebaev de eşlik etti.

İlk olarak Kültür Merkezi giriş katında bulunan Üniversitenin yerleşke maketini inceleyen Başbakan Bakıtcan Sağıntayev Üniversite hakkında Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov'dan bilgiler aldı. Akabinde buradaki Arkeoloji

Müzesi ile Türk Dünyası Kültür ve Tarih Müzesini gezdi. Bakıtcan Sağıntayev ve heyetine ziyaretlerinden dolayı Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov ve Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış teşekkürlerini sundular.

Kazakistan Başbakanı Bakıtcan Sağıntayev ve heyeti son olarak Üniversitenin Merkez Kütüphanesi ve Tıp Fakültesi Hastanesini gezerek ziyaretlerini tamamladılar.



### Ondokuz Mayıs Üniversitesinde Hoca Ahmet Yesevi Anlatıldı

UNESCO'nun 2016 ve 2017 sezonunu «Ahmet Yesevi ve Fuat Köprülü Yılı» ilan etmesi sebebiyle, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Ondokuz Mayıs Üniversitesi (OMÜ) Atatürk Kongre ve Kültür Merkezi'nde «Hoca Ahmet Yesevi'yi Anlamak» konulu bir konferans verdi.

Konferansa; Rektör Prof. Dr. Sait Bilgiç, Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Mehmet Kuran, akademisyenler ve öğrenciler katıldı.

Doğup büyüdüğü şehir olan Samsun'da ve Türkiye'nin güzide üniversitesi OMÜ'de bulunmaktan duyduğu memnuniyeti ifade ederek konuşmasına başlayan Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, davetleri için Rektör Prof. Dr. Sait Bilgiç ve Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Mehmet Kuran'a teşekkür etti.

Prof. Dr. Musa Yıldız, tarihimize ve kültürümüze önemli etkileri olmuş büyükerimiz için değişik vesilelerle anma törenleri düzenlendiğini belirterek «Artık bu büyükerimizi anma boyutundan anlama ve anlatma boyutuna geçmeyi arzu ediyoruz. Bu önemli şahsiyetler sadece tarihin içinde kalmamasın. Yaptıkları büyük hizmetleri gençlerimize öğretilim, gençlerimiz de bu örnek şahsiyetleri tanınsınlar.» dedi.

UNESCO'nun, 2016 ve 2017 sezonunu «Ahmet Yesevi Yılı» ilan etmesinde Ahmet Yesevi Üniversitesinin girişimlerinin ve Hoca Ahmet Yesevi'nin eserlerinde vurguladığı evrensel değerlerin etkili olduğunun altını çizen Musa Yıldız, bu dönemin aynı zamanda Yesevi'yi bize ve dünyaya tanıtan Ord. Prof. Dr. Fuat Köprülü Yılı olarak da ilan edildiğini söyledi. Millî şair Yahya Kemal Beyatlı'nın yönlendirmesiyle Fuat Köprülü'nün Ahmet Yesevi'yi araştırmaya başladığını kaydeden Yıldız, Köprülü'nün Kurtuluş Savaşı yıllarında araştırmalarını tamamladığını ifade etti.

Konferansta; Hoca Ahmet Yesevi'nin ailesi, hayatı ve eğitim aldığı hocaları hakkında bilgi veren Prof. Dr. Yıldız, Yesevi'nin ilkeleri ve amaçları hakkında

da katılımcıları aydınlattı. Ahmet Yesevi'nin önemli bir dava insanı olduğunu vurgulayan Musa Yıldız, «Yesevi'nin en büyük ideali, İslam'ın Türk dünyasında hatta Anadolu'da ve Balkanlar'da tanınarak yaygınlaşmasıydı. O, Mekke'den aldığı İslam ışığını Anadolu'dan Balkanlara kadar yaymak istiyordu. Bu amaçla da medresesinde tam 99 bin öğrenci yetiştirdi.» diye konuştu.

Ahmet Yesevi'yi tarihin ilk mutasavvıfı olarak tanımlayan Prof. Dr. Musa Yıldız, ömrünün son 10 yılını çilehanesinde geçirmiş Yesevi'nin geriye 4 önemli eser bıraktığını kaydetti. Türkçe yazılarak Türk dünyasında İslam'ın hızla yayılmasını sağlayan «Divan-ı Hikmet»e ve şu anda bile İslam dünyasında yaşanan dertlere deva olabilecek nitelikteki diğer eserlerine de değinen Yıldız, «Bu eserlerin okunması Yesevi'nin felsefesini gelecek nesillere aktarmak için oldukça önemlidir.» ifadesini kullandı.

Ahmet Yesevi Üniversitesinin, «Ahmet Yesevi Yılı» sebebiyle yürüttüğü faaliyetleri sıralayan Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, üniversitenin Yesevi ile ilgili çıkardığı yayınları da tanıtarak konuşmasını sonlandırdı.

Konferansın sonunda Rektör Prof. Dr. Sait Bilgiç, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'a fidan sertifikası takdim ederek verdiği değerli bilgiler için teşekkür etti. Prof. Dr. Musa Yıldız da Ahmet Yesevi'nin Çağatayca dilinde yazılmış «Divan-ı Hikmet» baskısını Rektör Bilgiç'e hediye etti.

## ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

### Ahmet Yesevi Üniversitesi TÜRTEP 2017-2018 Güz Dönemi Oryantasyon Toplantısı yapıldı

Ahmet Yesevi Üniversitesi, Türkiye Türkçesi ile Eğitim Programları Araştırma ve Uygulama Merkezi (TÜRTEP) 2017-2018 Güz Dönemi Oryantasyon toplantısı 20 Eylül 2017 tarihinde Ankara'da gerçekleştirildi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığında gerçekleştirilen toplantıya Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız başta olmak üzere TÜRTEP Başkanı Prof. Dr. Halil İbrahim Bülbül, TÜRTEP Başkan Yardımcıları Prof. Dr. Bekir Buluç ve Yrd. Doç. Dr. Mustafa Kale, TÜRTEP İdari Birim Çalışanları ve TÜRTEP Danışman Öğretim Üyeleri katıldı.

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'ın açılış konuşmasında yeni TÜRTEP Danışman Öğretim Üyeleri ile çalışmaktan memnuniyetlerini dile getirdi. TÜRTEP'e katılan yeni danışman öğretim üyelerinin bilgi ve deneyimlerinden azami derecede yararlanmanın öncelikli hedef olarak belirlendiğini söyleyerek, danışman öğretim üyelerinin TÜRTEP'i daha ileriye götürme noktasında yapılacak çalışmalarda üniversitemizin yoluna ışık tutacağına inandığını belirtti.

Türkiye'de uzaktan eğitim konusunda öncü bir kurum olduklarını söyleyen Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Ahmet Yesevi Üniversitesinin uzaktan eğitim uygulamasıyla öğrenci ve öğretim elemanlarının mekân engelini kaldırdığını ve bu uygulamaları ile uzaktan eğitim alanında Türkiye'de âdeta bir marka haline geldiklerini belirtti. Prof. Dr. Musa Yıldız, Danışman Öğretim Üyelerine uluslararası bir devlet üniversitesinde eğitim vermenin ayrıcalığını yaşayacaklarına dikkat çekti.

2017-2018 öğretim yılında TÜRTEP'e katılan Danışman Öğretim Üyelerine, TÜRTEP Uzaktan Eğitim Bilgi Sistemiyle ilgili bilgiler Prof. Dr. Halil İbrahim Bülbül, Prof. Dr. Bekir Buluç, Yrd. Doç. Dr. Mustafa Kale ve TÜRTEP İdari Personeli tarafından verildi.

Oryantasyon toplantısında, Danışman Öğretim Üyelerine İnternet Tabanlı verilecek olan eğitimde yapılması gereken işlemler hakkında bilgi verildi ve danışman öğretim elemanlarının soruları yanıtlandı.

### Kazakistan'ın Nüfus 18 Milyonu Geçti



2017 yılının ilk altı ayı sonu itibarıyla Kazakistan nüfusunun 18 milyon 50 bin kişi olduğu bildirildi. Nüfusun % 51,6'ını kadınlar %48,4 oranını erkekler oluşturuyor.

Kazakistan Ekonomi Bakanlığı'ndan yapılan açıklamaya göre nüfustaki doğal artış, bir önceki yılın aynı dönemine göre %9,5 (15,3 bin kişi) oranında azalarak 145.500 kişi olarak kayıtlara geçti. Şehirlerdeki nüfus toplam nüfusun % 57,3'ünü ve taşra nüfusu ise % 42,7'sini oluşturmaktadır.

Zocuk ылым oranı ise ciddi bir oranda дьшт; 2017 yılının başından bu yana bir önceki yılın aynı dönemine göre zocuk ылымleri %15,2 oranında azaldı. Yani, yukarıda belirtilen dönemde 1 yaşını doldurmuş ылен zocuklarının sayısı 1.876 olarak kaydedildi. Kazakistan'a gцз edenlerin sayısı ise 9.711 kişi olurken ыкeden gцз edenlerin sayısı da 19.400 kişiye ulaştı.

Güney Kazakistan Eyaleti Aile Toplum Sağlığı Merkezi ve Ahmet Yesevi Üniversitesi Tıp Fakültesi ve Diş Hekimliği Fakültesi tarafından yapılan etkinlikle, anne-çocuk sağlığı ve aile planlaması, çocuk yetiştirme, aile ve toplum sağlığının önemini vurgulama gibi amaçlarla "Süper Anne, Süper Baba" yarışması yapıldı.

16 Eylül Cumartesi günü Türkistan yerleşkesi kültür merkezinde gerçekleşen yarışmanın açılış konuşmasını Tıp Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Sersenk Tortabaev ile Diş Hekimliği Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Yüksel Türköz yaparak, konu ile ilgili

### Ahmet Yesevi Üniversitesinde "Süper Anne, Süper Baba" yarışması yapıldı

duygu ve düşüncelerini ifade ettiler ve yarışmacılara başarılar dilediler.

Düzenlenen "Süper Anne, Süper Baba" yarışmasında aileler; ailelerini tanıtmaya, süper anne (annelerin yeteneklerini sergilemesi), süper baba (babaların yeteneklerini sergilemesi), ailelerin yetenekleri, aile toplum



üzere yedi aşamada gerçekleşti. Yarışmada dereceye girenler Tıp Fakültesi ve Diş Hekimliği Fakültesi tarafından oluşturulan jüri üyeleri değerlendirmeleriyle belirlendi. Dört ailenin katıldığı yarışma sonucunda Asilbek Berdesov-Dana Nazarova çifti birinci oldu. Abay Jankulov-Bayan Junis

Gaziza Kasım çifti üçüncü olarak tamamladı.

Dereceye giren ailelerin ödülleri yarışma sonunda düzenlenen törenle fakülte dekanları ve jüri üyeleri tarafından verildi. Yarışma son olarak toplu hatıra fotoğraf çekilmesiyle tamamlandı.

## Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli heyet Başkanlığı tarafından finanse edilen bilimsel araştırma projeleri değerlendirme toplantısı yapıldı

Ahmet Yesevi Üniversitesi Uluslararası Bilimsel Projeler Merkezi tarafından yürütülen, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı tarafından finanse edilen bilimsel araştırma projeleri değerlendirme toplantısı yapıldı. Yürütülmekte olan projelerin değerlendirme toplantısı sabah ve öğle olmak üzere iki oturumda gerçekleşti.

18 Eylül Pazartesi günü Türkistan Yerleşkesi Merkez Kütüphanenin toplantı ve konferans salonunda düzenlenen toplantı, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren'in oturum başkanlığında, Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Taljan Raimberdiev, Bilimsel Araştırmalar ve İnovasyon Müdürü Prof. Dr. Alyona Baltabaeva ile oluşturulan komisyon üyelerinin katılımıyla gerçekleşti.

Toplantının ilk oturumunda "Ekstremizm ve radikalizm karşı birey ve toplumda dini şuurun oluşturulması,

Özbekistan'ın Semerkant, Buhara, Hiva, Taşkent şehirlerine gelen yabancı turistlerin Arslan-Babve Ahmet Yesevi türbelerine ziyaret etmeye çekme sorunları ve çözüm önerileri, Kazakistan'daki 4-5 yıldızlı otellerdeki iş görenlerin gıda güvenliği, Dalga denklemleri için çok boyutlu ters problemler, değerlendirilirken ikinci oturumda ise; Orta Asya'da Maturidilik: Alimleri, Literatürü ve görüşleri, Kızılorda Türk İslam Yapıları(X-XX. y.y.), Milli Kimlik ve Ulusal Benzersizlik Problemlerinin Kazakistan ve Türkiye Basınında Yeri olmak üzere yedi projedini.

Toplantıda, Ahmet Yesevi Üniversitesi Uluslararası bilimsel projeler Merkezi tarafından yürütülen bu yedi projenin, içeriği, yürütülme aşaması, index dergilerde yayınlanan makaleleri, araştırma faaliyetleri ve mali harcamaları gibi birçok konu değerlendirilerek tamamlandı.

## Kazakistan 9. Üniversite Yaz Oyunları açılışı yapıldı

Kazakistan'da en yüksek katılımlı organizasyon olarak bilinen üniversite oyunları açılışı Ahmet Yesevi Üniversitesinde gerçekleşti.

Üniversite Yaz Oyunları, Kazakistan Milli Eğitim Bakanlığı tarafından; Spor faaliyetlerinin geliştirilmesi ve yaygınlaştırılması, kaliteli ve sağlıklı yaşam bilinci oluşturma, dünya üniversiteleri ve Olimpiyat oyunlarına yetenekli sporcuların seçilmesi ve hazırlanması gibi amaçlarla düzenleniyor.

Kazakistan'da birçok üniversitenin takımlarının katılımıyla gerçekleşen üniversite oyunları; futbol, basketbol, voleybol, yüzme, judo, karate, Kazak güreşi, boks, sahil voleybolu, sahil futbolu, hentbol, badminton, güreş, koşu(kısa mesafeli, uzun mesafeli koşu, engelli koşu), eskrim, satranç, rugby, sambo, okçuluk, spor oryantasyonu, çekim, tekvando, tenis, satranç, tenis, Kick boks, ok atma ve gülle atma olmak üzere 31 dalda düzenleniyor. Her biri farklı üniversitede yapılması planlanan oyunların voleybol turnuvası Ahmet Yesevi Üniversitesinde düzenleniyor.

Ahmet Yesevi Üniversitesinde gerçekleşen voleybol

turnuvasının açılış töreni 27 Eylül Çarşamba günü 3. Kampüs Bekzat Sattarhan spor salonunda gerçekleşti. Açılışa; Kazakistan Milli Eğitim Bakanlığı Beden Terbiyesi Genel Müdürlüğü Müdürü Sadık Mustafaev, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Yardımcıları Prof. Dr. Nurlan Ajihanov, Prof. Dr. Taljan Raimberdiev, Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, Sosyal Bilimler Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Mehmet Toplu, Disiplin ve kültür işleri Müdürü Lezzet Esentaeva katıldı. Turnuvanın açılış konuşmasını ise Sadık Mustafaev, Prof. Dr. Nurlan Ajihanov ve Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren yaparak katılımcılara teşekkürlerini iletiler ve oyunlarda yarışacak sporculara başarılar dilediler.

5 Turda yapılacak olan voleybol turnuvasında S.D. Asfendiyarov Kazak Milli Tıp Üniversitesi, Al-Farabi Kazak Milli Üniversitesi, Korkut Ata Kızılorda Üniversitesi, Ahmet Yesevi Üniversitesi, İbray Altın Sarı Pediatrik Devlet Enstitüsü ve M. Tınıspaev Kazak Ulaştırma ve İletişim Akademisi takımlarından 100'e yakın oyuncu ter dökecek.

9. Üniversite Yaz Oyunları 3 Ekim'de yapılacak olan kapanış ve ödül töreni ile sona erecek.



## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

## Спорт саңлақтары сынға түсуде



26-қыркүйек пен 3-қазан аралығында еліміздің 10 жоғары оқу орындарында IX жазғы универсиада ойындары өтеді.

Қазақстанның бірқатар университеттерінде өтіп жатқан спорттық сайыс 31 түрлі ойын түрлерін қамтиды. Білімгерлер қазақ күресі, кикбоксинг, жеңіл атлетика, жүзу, бадминтон, баскетбол, президенттік көпсайыс, еркін күрес, грек-рим күресі, бильярд спорты, бокс, волейбол, гандбол, дзюдо, каратэ-до, жағажай волейболы мен футболы, армрестлинг, ауыр атлетика, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, футбол, семсерлесу, шахмат, регби, самбо, садақ ату, спорттық бағдарлау, оқ

ату, таэквандо, теннис спорт ойындарынан сынға түседі. Осы шара аясында волейболдан спорттық ойындар біздің университетімізде ба-сталды.

Оқу ордамыздың Б.Саттарханов атындағы спорт залында ерлер арасында волейболдан ЖОО арасындағы IX жазғы универсиада-ның ашылу салтанаты өтті. Универсиаданы ҚР Білім және Ғылым министрлігі жанындағы Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы ұйымдастырды.

Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директоры С.Мұстафаев: «Дәстүрлі IX универсиада ойындары Түркістандағы

Халықаралық қазақ-түрік университетінде басталып отыр. Биылғы универсиадамыз өте сәтті өтеді деп ойлаймын. Осындай дүбірлі доданы ұйымдастыруға ат салысып отырған университет ұжымына алғысымыз шексіз. Жарысқы қатысушы командаларға сәттілік тілеймін. Болашақта да Қазақстанның спорты шарықтап дами берсін» деген игі тілегін жолдады. Оқу ордамыздың вице-президенттері Н.Ажиганов пен М.Эрен де Қазақстан жоғарғы оқу орындарының үздік шығып, іріктеліп IX универсиадаға қатысып отырған сайысқа қатысушы командаларға сәттілік тіледі. Жастар арасында спорт жүйесін дамыту және насихаттау, салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықты нығайту, отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған спорттық жарыстардың берері көп. Әлемдік универсиада мен олимпиадалық ойындарда өнер көрсететін спортшыларды іріктеу осындай жарыстардан бастау алары анық. Спорт додасында С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті, С.Бәйішов атындағы Ақтөбе университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының командалары бақ сынады.

## ЛИФТ ҚЫЗМЕТІ ТАЛАШҚА САЙ ЕМЕС

Университет ғимараттарында орналасқан лифтінің студенттер мен қызметкерлер үшін маңызы зор. Жұмыс жасап тұрған лифті қызметі жақсы, әрине. Бұл қалайша? Лифт неге жиі істен шығады? Жедел сатының қауіпсіздігіне қаншалықты көңіл бөлінуде? Толассыз сұрақтарға толық жауап алу үшін жөндеуге жол тарттық. Алдымен маман жөндеу анықтама беріп өтейін. Сарыбасов Мұрат Ақтайұлының қызметі электр-автоматшик. Оқу ордамызға тиесілі электр көзімен қуаттанатын барлық құрал-жабдықтарды жөндеумен айналысатын азамат. Атап айтқанда телевизор, антенна, вентилятор, кондиционер, құдықтар, орталықтың кір жуатын машиналары, асхананың пеші. Сондай-ақ жеделсатыны таңертең сағат 8:30-да іске қосып, 17:30-да өшіруі тиіс. Бұған майлау, сайлау жұмыстарын және лифті ішінде қалған жолаушыға жедел көмек көрсету қызметін қосыңыз.

Сәлеметсізбе! Университетте неше лифті бар?

Барлығы 12 лифті. Соның он бірі қызметкерлер мен студенттер қажеттілігіне орай іске қосылған. Ғимарат құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген лифтілердің бүгінде екеуі ғана қолданыста. Өзге 9 лифтке жөндеу жұмыстары қажет. Кітапханадағы жеделсатының компьютері кеткен. Бағдарламасы істен шыққан жеделсаты батырмалары дұрыс жұмыс істемейді. Мысалы жеделсатымен жоғарыға көтерілгің келді. Сөйтіп 3-қабатқа көтерілу түймесін бастың делік. Команда берілді. Бірақ лифті шатырға дейін көтеріліп, апат туындатуы мүмкін. Мұндай жеделсаты толық жөндеуден өтпейінше қолданысқа берілмейді. Себебі жолаушы

қауіпсіздігі біз үшін бірінші орында. Жаратылыстану және инженерия, медицина факультеттерінің жеделсатылары да жарамсыз. Бірі жеделсатының есікті ашып-жабу қызметін атқаратын тетіктерінің ескіруі салдарынан. Жаңасын өкеліп, ауыстыру қажет. Бұл тікелей қаржыға келіп тіреледі. Бір көтерігіш құралының қосалқы бөлшектеріне 1-2 млн. теңге, жаңғырту жұмыстарын жүргізуге 4,5 млн. теңге, ал оны ауыстыру үшін 5,6 млн. теңге қажет. Аталған сома жеделсатының моделі мен өндіруші мемлекетке байланысты да өзгеруі мүмкін. Біз өз тарапымыздан шаруашылық бөліміне қызмет хат жазған болатынбыз. Қажетті құрылғылар қолымызға тиген күні жөндеуге кірісеміз. Оқу ғимараттарындағы 4 бірдей жеделсаты осы жылдың мамыр айында бірінен-соң бірі бұзылды. Бұған себеп студенттердің жеделсатыға топтасып мініп түсуі. Әр лифті белгілі бір салмақты ғана көтеруге лайықталып жасалған. 1000 келілік лифті 12 кісіге, ал 550-650 келілік жеделсаты 6 кісіге арналған. Осы салмақтан ауыр жүкті көтеруге қауқарсыз лифті кептеліске ұшырап, қосалқы бөлшектердің сынуы, қисаюына байланысты өз жұмысын тоқтатады. Жолаушылар болса, есікті керіп жабады. Әйтеуір қайта жүргізіп қалаған жеріне жетіп алуды ғана көздейді. Артық салмақ, кнопкаларды қайта-қайта басу, есікке жақын тұру, есікті қушпен жабу сіздің лифті ішінде қалып қоныңыздың негізгі себебі.

Сіз айтқан оқиғаларды күнде көзімізбен көріп жүрміз. Ендеше жеделсатыны жиі қолданушыларға кеңес берсеңіз. Лифті ішінде қалып қойған жағдайда не істеу керек?

Ректораттағы жеделсаты да бүгінде сыр бере бастады. Көтерігішке мінгенде ішінде қамалып қалу қаупі де

жоқ емес. Кейде тасымалдау барысында жеделсатының тоқтап қалатын шақтары да кездеседі. Лифті кенеттен істен шықса, даурықпаңыз. Иә, үрей пайда болатыны рас. Дегенмен лифті ішінде ауа жеткілікті. Ең алдымен сабырлық сақтаңыз. Жан-жағыңызға назар аударсаңыз, сенім телефонына көзіңіз түседі. Осы нөмірлерге хабарласыңыз. Бұл кезде телефонға мен жауап беремін. Әрі 2-3 минут ішінде көмекке келемін. Кей жағдайда көшігулер болады. Неге десеңіз айтайын. Бізде лифті аппараты шатырда. Төрт қабатты ғимараттың 5-ші қабатына шығуға тура келеді. Қарап, тексеріп біткенше минуттардың зымырап өте шығатынын қайтерсің. Асыққан жолаушыға 5 минутымыз 5 сағаттай сезілуі мүмкін. Лифті ішінде қалып қойғандар 15 минут күттім, арада 1 сағат өтті деп жатуының өзі осының дәлелі. Жеделсаты электр көзімен жүретін құрылғы болғандықтан, жарық көзі сөнген сәтте бірден тоқтайды. Дегенмен алаңдауға еш себеп жоқ. Өйткені бұл мәселе қарастырылып, жөнге қойылған. Оқыс оқиға адам тағдырына тікелей әсер етеді. Сондықтан ең алдымен ережелерді мұлткіз орындаңыз. Менде қалып кетпейін деп, есікке қысылып қалудан сақ болыңыз. Лифті аузында оннан аса адам жиналып қалсаңыз, бөлініп мінуге әдеттеніңіз. Қанша жерден асығып тұрсаңыз да сабырлыққа салыңыз. Егер де сіз олай жасамасаңыз онсыз да тозығы жеткен лифті бөлшектері мүлдем істен шығып қалуы мүмкін. Сосын бір күн, апта, ай, тіпті жыл баспалдақпен түсіп-мінуіңіз ғажап емес. Елестетіп көріңізші. Қауіпсіздікті сақтау апаттың алдын-алудың да ең тиімді жолы. Біле жүріңіз!

Бүкпесіз әңгімеңізге рахмет!  
Гүлдана Қарабек

22-қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күніне орай Түркістандағы Ә.Науаи атындағы мектеп гимназиясында «Тіл - достықтың алтын көпірі» тақырыбында қалалық ғылыми-теориялық конференция өтті.

## ТІЛ МЕРЕКЕСІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Оқу ордамыздың оқытушысы Әдемау Толысбаеваның бастауымен журналистика мамандығының студенттері Райхан На рқұлан мен Бағдат Үмітбек қатысып қайтты. Қалалық білім беру басқармасы «Қазақ тілі» қоғамы, өзбек, славян этномәдени орталығы, қалалық тілдерді дамыту бөлімі қатысқан жиынның негізгі ұстанымы - қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің мәселесі болды. Қазақ, өзбек, ағылшын, орыс тілдері бірлестіктерінің жылдық есеп беру баяндамалары тыңдалды. Барлығы негізгі ойларын қазақ тілінде баяндап, өзге тілді мектептерде басымдық мемлекеттік тілде болу концепциясын қолдайтындықтарын ашып көрсетуге тырысты. Ә.Науаи атындағы өзбек мектебі бұған дәлел былтырдан бері ата-аналардың сұранысы бойынша екі қазақ сыныбын ашып, шәкірттерді 1-сыныпқа қабылдағандарын айтты. Сол балақайлардың концерттік бағдарламасын ұсынды. Қазақша билеп, жыр оқыған балғындар өз тілдерінде, ағылшын, орыс тілдерінде де өнер көрсетті. Тіл жанашыры, ұстаз, университетіміздің түлегі Рахила Урумова конференция барысында маман ретінде ғана емес, ғалым ретінде де оқу-әдістемелік жұмыстарының нәтижесімен бөлісті. «Тілдік төрт дағды бойынша мәтінмен жұмыс», «Сабақ құрылымы мен оқыту әдістері» еңбектерінің негізі материалдары ұстаздың сабақ беру барысындағы өзіндік зерттеулері. Оқытып қана қоймай ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де айналысуға Түркістан қаласы мектеп ұжымдарының басымдылық беруге ынта қойып жатқанына куә болдық. Атқарылар істерге жылдық жоспар белгілеп, мақсаттарын айқындады.

Үмітбек БАҒДАТ,  
студент

Еркін тіркелуге шақырамыз!

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015 жылғы 28-сәуірдегі №281 бұйрығына сәйкес амбулаториялық-емханалық көмек көрсету үшін, денсаулық сақтау субъектілерін тарту бойынша 15-қыркүйек пен 15-қараша аралығында университетіміздің клиника-диагностикалық орталығының емханасына еркін тіркелуге шақырамыз.

Ескерту: Төлқұжатпен, балалар үшін туу туралы куәлікпен ЖСН арқылы емхананың тіркеу бөліміне келіп, өтініш толтырылады. Барлық сұрақтарға тіркеу бөлімі жауап береді.

Анықтама алу телефоны: 8(72533) 6 -39 - 07.

E-mail: ayclinic@mail.ru  
www. Ayclinic.kz

Ясауи университеті

Редактор Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Тілшілер: Э.Артықбаева, Ф.Тәжібаев, Г.Қарабек және Журналистика бөлімінің студенттері

Фототілші: Елнұр Сердәлі, Нұритдин Исаков, Сүлейман Доған

Газет 1995 жылдан бастап айына 2 рет шығады

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 4.10.2010 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №11180-Г куәлігі берілген.

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. «Ясауи университетінде» жарияланған мақаланы көшіріп басқанда сілтеме жасалуы тиіс. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Мекен-жайы: ҚР, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов 29, Бас ғимарат, 601-кабинет.  
Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі 10-20  
Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ

Газет «М-PRESS» ЖШС баспа үйінде басылды.

Мекен-жайы: ҚР, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18-үй

Таралымы: 1000 дана  
Тапсырыс нөмірі: